

FTAXP 15. 21. 51
ӘӨЖ 159.9.07

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2026-1-3-22-35>

КУДУШЕВА Н.А.,*¹

PhD, аға оқытушы.

*e-mail: n.kudusheva@abaiuniversity.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-0892-4676

НИЕТБАЕВА Г.Б.,¹

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: mika-argin@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8663-1732

БЕКМУРАТОВА Г.Т.,¹

п.ф.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: ranajlug@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3575-9650

ИНГАЙБЕКОВА Т.А.,¹

PhD, аға оқытушы.

e-mail: tolkyn.amangeldi@inbox.ru,

ORCID ID: 0000-0001-6907-4313

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ӨЗІНДІК ТИІМДІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РЕСУРСЫ РЕТІНДЕГІ РЕТТЕУШІЛІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Андатпа

Қазіргі жоғары білім беру жағдайында студенттердің тұлғалық өзіндік тиімділігін қамтамасыз ететін психологиялық ресурстарды зерттеу кәсіби даярлықтың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Зерттеудің мақсаты – студенттердің реттеушілік процестерінің даму деңгейін анықтау, олардың құрылымдық өзара байланыстарын талдау және тұлғалық өзіндік тиімділіктің психологиялық ресурсы ретіндегі ерекшеліктерін айқындау. Зерттеуге жоғары оқу орындарының 2–3 курс студенттері (N=140) қатысты. Эмпирикалық зерттеуде Дж. Тэнгни, Р. Баумайстер және А.Л. Бунның «Өзін қадағалаудың қысқаша шкаласы» және Е.Ю. Мандрикованың «Іс-әрекетте өзін-өзі ұйымдастыру» сауалнамасы қолданылды. Деректер сипаттамалық статистика және Спирменнің рангілік корреляциялық талдауы арқылы өңделді. Нәтижелер студенттердің басым бөлігінде реттеушілік процестердің орташа деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Қазіргі уақытқа бағдарлану, фиксация және өзін-өзі ұйымдастыру көрсеткіштері салыстырмалы түрде жоғары, ал мақсаттылық пен табандылық көрсеткіштері төмен болды. Корреляциялық талдау мақсаттылық, жоспарлау және қазіргі уақытқа бағдарланудың реттеушілік процестер жүйесінде неғұрлым орталық позиция алатынын анықтады. Өзін-өзі бақылау, табандылық, фиксация және өзін-өзі ұйымдастыру аталған компоненттермен статистикалық мәнді оң байланыстар көрсетті. Алынған нәтижелер реттеушілік процестерді студенттердің мақсатқа бағытталған әрекетін қамтамасыз ететін өзара байланысты психологиялық ресурстар жүйесі ретінде қарастыруға негіз береді және студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық бағдарламаларды әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Тірек сөздер: тұлғалық өзіндік тиімділік, реттеушілік процестер, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру, мақсаттылық, жоспарлау.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында жоғары білім беру жүйесін жаңғырту, адами капиталдың сапасын арттыру және бәсекеге қабілетті маман даярлау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1] білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде жеке тұлғаның кәсіби

қалыптасуына, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға, сондай-ақ қоғамның өзгермелі талаптарына бейімделуіне жағдай жасау белгіленген. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жж. арналған тұжырымдамасында [2] еңбек нарығының қазіргі талаптарына сәйкес келетін, дербес шешім қабылдай алатын, сыни ойлайтын, өзін-өзі дамытуға және өмір бойы білім алуға қабілетті мамандарды даярлау қажеттігі ерекше атап көрсетілген. Бұл міндеттер студенттердің тек кәсіби құзыреттерін ғана емес, сонымен қатар мақсат қою, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі реттеу, жауапкершілік пен дербестік сияқты тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған психологиялық ресурстарды кешенді зерттеудің маңыздылығын арттырады. Осы тұрғыдан алғанда студенттердің тұлғалық өзіндік тиімділігінің қалыптасуындағы реттеушілік процестердің құрылымдық ерекшеліктерін анықтау қазіргі психология ғылымы мен жоғары білім беру практикасы үшін өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Тұлғалық өзіндік тиімділік ұғымы А. Бандураның әлеуметтік-когнитивтік теориясында адамның белгілі бір әрекетті табысты орындауға және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге қатысты өзінің мүмкіндіктеріне деген сенімі ретінде қарастырылады [3]. Зерттеулер көрсеткендей, өзіндік тиімділігі жоғары студенттер оқу қызметінде белсенділік танытады, күрделі тапсырмалардан қашпайды, қиындықтарды уақытша құбылыс ретінде қабылдайды және өз жетістіктеріне қол жеткізуде жоғары табандылық көрсетеді. Өз кезегінде өзіндік тиімділіктің жеткіліксіз дамуы оқу мотивациясының төмендеуіне, эмоционалдық қажуға және академиялық нәтижелердің нашарлауына алып келуі мүмкін.

Өзіндік тиімділіктің қалыптасуына әсер ететін маңызды психологиялық факторлардың бірі – тұлғаның реттеушілік процестері. Қазіргі психологиялық зерттеулерде өзін-өзі реттеу тұлғаның мақсат қою, іс-әрекетті жоспарлау, мінез-құлқын бақылау, нәтижелерін бағалау және қажетті жағдайда өз әрекетін түзету қабілеттерін қамтитын күрделі психологиялық жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жүйенің тиімді қызметі студенттердің оқу іс-әрекетінің табыстылығын ғана емес, сонымен қатар олардың кәсіби қалыптасуы мен тұлғалық дамуын да қамтамасыз етеді.

Реттеушілік процестердің құрылымына өзін қадағалау, жоспарлау, мақсаттылық, табандылық, өзін-өзі ұйымдастыру, фиксация және қазіргі уақытқа бағдарлану сияқты өзара байланысты компоненттер кіреді. Бұл компоненттердің әрқайсысы тұлғаның өзіндік тиімділігінің қалыптасуына әртүрлі деңгейде ықпал етеді. Мәселен, нақты мақсат қоя білу мен жоспарлау тұлғаның өз әрекетін саналы ұйымдастыруына мүмкіндік берсе, өзін қадағалау мен табандылық ұзақ мерзімді мақсаттарға жету барысында мінез-құлықтың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Ал уақытты тиімді ұйымдастыру мен қазіргі әрекетке шоғырлану оқу қызметінің нәтижелілігін арттыратын маңызды психологиялық ресурстар болып саналады.

Соңғы жылдары шетелдік және отандық зерттеулерде өзін-өзі реттеу мен өзіндік тиімділік арасындағы байланыс кеңінен қарастырылғанымен, реттеушілік процестердің құрылымдық ұйымдасуын тұлғалық өзіндік тиімділіктің психологиялық ресурсы тұрғысынан кешенді зерттеу мәселесі жеткілікті деңгейде ашылмаған. Әсіресе студенттік кезеңде реттеушілік процестердің қандай компоненттері жетекші орын алатыны, олардың өзара байланыстары қалай ұйымдасатыны және осы жүйенің тұлғалық өзіндік тиімділікті қамтамасыз етудегі психологиялық маңызы нақтылауды қажет етеді. Сондықтан студенттердің реттеушілік процестерінің құрылымдық ерекшеліктерін анықтау және оларды тұлғалық өзіндік тиімділіктің психологиялық ресурсы ретінде қарастыру қазіргі психология ғылымының өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – студенттердің реттеушілік процестерінің даму деңгейін анықтау, олардың құрылымдық өзара байланыстарын талдау және тұлғалық өзіндік тиімділіктің психологиялық ресурсы ретіндегі ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеу болжамы: студенттердің реттеушілік процестері өзара оқшауланған психологиялық сипаттамалар емес, статистикалық мәнді байланыстар арқылы біріккен құрылымдық жүйе құрайды; бұл жүйеде мақсаттылық, жоспарлау және қазіргі уақытқа бағдарлану жетекші компоненттер ретінде көрініп, өзін-өзі бақылау, табандылық, фиксация және өзін-өзі ұйымдастырумен өзара байланысты болады деп болжанды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы студенттердің тұлғалық өзіндік тиімділігінің психологиялық ресурсы ретінде қарастырылатын реттеушілік процестердің құрылымдық ұйымдасуын кешенді эмпирикалық талдаумен сипатталады. Реттеушілік процестер олардың жекелеген даму көрсеткіштері деңгейінде ғана емес, өзара байланысқан тұтас жүйе ретінде зерттеліп, құрылымдағы жетекші және өзара толықтырушы компоненттердің арақатынасы айқындалды. Мұндай тәсіл реттеушілік процестерді студенттің мақсатқа бағытталған әрекетін қамтамасыз ететін өзара байланысты психологиялық ресурстар жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу студенттердің тұлғалық өзіндік тиімділігінің психологиялық ресурсы ретіндегі реттеушілік процестердің даму деңгейі мен құрылымдық ұйымдасу ерекшеліктерін эмпирикалық тұрғыдан анықтауға бағытталды. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін тұлғалық өзіндік тиімділіктің әлеуметтік-когнитивтік тұжырымдамасы, өзін-өзі реттелетін оқу теориясы және тұлғаның іс-әрекетін саналы реттеу туралы психологиялық қағидалар құрады. Осы теориялық ұстанымдарға сәйкес реттеушілік процестер тұлғаның мақсат қою, өз іс-әрекетін жоспарлау, мінез-құлқын бақылау, мақсатқа жетудегі табандылығын сақтау, уақыт пен жеке ресурстарын ұйымдастыру қабілеттерін біріктіретін өзара байланысты психологиялық жүйе ретінде қарастырылды.

А. Бандураның әлеуметтік-когнитивтік теориясында өзіндік тиімділік адамның белгілі бір міндеттерді орындау және қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін өз мүмкіндіктерін ұйымдастырып, тиісті әрекеттерді жүзеге асыра алатынына деген сенімімен байланыстырылады [3]. Осы тұрғыдан алғанда тұлғалық өзіндік тиімділік тек адамның өз мүмкіндіктерін субъективті бағалауымен шектелмейді; оның мінез-құлық деңгейінде көрінуі мақсатқа бағытталған әрекетті ұйымдастыруды және реттеуді қажет етеді. Сондықтан зерттеуде өзін-өзі бақылау, мақсаттылық, жоспарлау, табандылық және өзін-өзі ұйымдастыру студенттердің тұлғалық өзіндік тиімділігінің жүзеге асуын қамтамасыз ететін ықтимал психологиялық ресурстар ретінде қарастырылды.

Зерттеудің әдіснамалық негіздерінің бірі Б. Циммерманның өзін-өзі реттелетін оқу (Self-Regulated Learning, SRL) тұжырымдамасы болды. Бұл тұжырымдамада өзін-өзі реттеу білім алушының мақсат қоюын, оқу әрекетін жоспарлауын, өзінің мінез-құлқы мен нәтижелерін бақылауын және қажет болған жағдайда қолданылатын стратегияларды өзгертуін қамтитын мақсатқа бағытталған үдеріс ретінде түсіндіріледі [4]. Мұндай көзқарас студентті оқу ықпалының пассивті объектісі емес, өзінің оқу әрекетін саналы ұйымдастыратын белсенді субъект ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес зерттеу барысында реттеушілік процестердің жекелеген көрсеткіштерін ғана емес, олардың өзара байланысының ішкі құрылымын анықтауға басымдық берілді.

Қазіргі эмпирикалық зерттеулер де өзін-өзі реттеудің студенттердің оқу әрекетіндегі маңызды рөлін көрсетеді. Өзін-өзі реттеу стратегиялары академиялық жетістікпен, тұрақты оқу мотивациясымен және психологиялық әл-ауқатпен оң байланысты болса, олардың жеткіліксіз қалыптасуы прокрастинация, мазасыздық және оқу тапсырмаларын орындаудағы тұрақсыздықпен ұштасуы мүмкін [6–9]. Сонымен қатар академиялық мотивация, өзіндік тиімділік, еріктік реттеу, тұлғалық ерекшеліктер және эмоционалдық интеллект сияқты жеке-психологиялық сипаттамалардың өзін-өзі реттеу стратегияларымен байланысы анықталған [8, 10, 11]. Бұл нәтижелер студенттің тиімді әрекеті бір ғана психологиялық қасиетпен емес, тұлғалық және реттеушілік ресурстардың өзара әрекеттесуімен қамтамасыз етілетінін көрсетеді.

Осы тұрғыдан И.Н. Бондаренко, Т.Г. Фомина және В.И. Моросанованың зерттеу нәтижелері маңызды. Авторлар саналы өзін-өзі реттеуді академиялық жетістікке ықпал ететін тұлғалық және мотивациялық ресурстардың жүзеге асуын қамтамасыз ететін метаресурс ретінде қарастырады [5]. Мұндай ұстаным өзін-өзі реттеудің жеке психологиялық қасиеттерді біріктіретін және оларды мақсатқа бағытталған әрекетте іске асыратын интегративті қызметін көрсетеді. Сондықтан реттеушілік процестерді студенттердің тұлғалық өзіндік тиімділігінің психологиялық ресурсы ретінде қарастыру теориялық тұрғыдан негізді болып табылады.

Реттеушілік процестердің тиімділігі олардың жеке-жеке даму деңгейімен ғана емес, өзара байланысу және біртұтас жүйе құру ерекшеліктерімен де анықталуы мүмкін. Мақсат қою әрекетінің бағытын айқындаса, жоспарлау сол мақсатқа жетудің реттілігі мен тәсілдерін ұйымдастырады. Табандылық кедергілер жағдайында мақсатқа бағытталған әрекетті сақтауға мүмкіндік береді, ал өзін-өзі бақылау импульсивті реакцияларды шектеу мен мінез-құлықты ұзақ мерзімді мақсаттарға сәйкестендіруге жағдай жасайды. Өзін-өзі ұйымдастыру уақыт пен іс-әрекетті құрылымдауды қамтамасыз етсе, қазіргі уақытқа бағдарлану субъектінің ағымдағы әрекетке шоғырлануымен байланысты. Осы компоненттердің функционалдық өзара байланысы студенттің мақсатты белгілеп қана қоймай, оны нақты іс-әрекет деңгейінде жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Соңғы зерттеулер өзін-өзі реттеудің күрделі динамикалық процесс екенін көрсеткенімен, оны эмпирикалық зерттеуде көбіне салыстырмалы тұрақты тұлғалық сипаттамаларды өлшейтін сауалнамалар пайдаланылатыны да атап өтіледі [12]. Бұл мәселе өзін-өзі реттеуді жеке-леген шкалалардың нәтижелерімен ғана сипаттаудың жеткіліксіздігін көрсетеді. Реттеушілік көрсеткіштердің өзара байланыстарын талдау олардың ішкі ұйымдасуын, жетекші компоненттерін және тұтас жүйедегі орнын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан реттеушілік процестерді құрылымдық тұрғыдан зерттеу студенттердің тұлғалық өзіндік тиімділігін қамтамасыз ететін психологиялық механизмдерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық психология ғылымында да тұлғалық өзіндік тиімділік, субъектілік белсенділік, кәсіби өзін-өзі анықтау және өзін-өзі реттеу мәселелеріне арналған зерттеулер бар. А.Р. Ерментаева студенттің субъектілік позициясын оның оқу әрекетін, тұлғааралық қарым-қатынасын, эмоциялық саласын және тұлғалық дамуын саналы реттеу қабілетімен байланыстырады [13]. Бұл тұрғыдан студент өз білімін меңгерудің ғана емес, өзінің кәсіби және тұлғалық дамуының да белсенді субъектісі ретінде қарастырылады.

А.Т. Изакованың зерттеулерінде өзін-өзі таныту мен кәсіби өзін-өзі анықтаудың мағына-құраушы факторлары қарастырылып, адамның өзінің өмірлік мақсаттарын түсінуі және ішкі әрі сыртқы ресурстарын пайдалана алуы кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудың маңызды шарты екені көрсетілген [14]. С.А. Узакова, Ж.А. Калиева және Н.Е. Симонович студенттердің өзіндік тиімділігін әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан зерттеп, оның субъективтілікпен, тұлғалық үйлесімділікпен және өзін-өзі жүзеге асырумен байланысын анықтаған [15]. А.К. Мынбаева мен Ә.Қ. Болат өзін-өзі реттеуді когнитивтік және эмоциялық процестерді басқаруға мүмкіндік беретін маңызды психологиялық қабілет ретінде қарастырады [16]. Отандық зерттеулердің нәтижелері өзіндік тиімділік пен реттеушілік ресурстардың тұлғалық және кәсіби даму үшін маңызын көрсеткенімен, студенттердің реттеушілік процестерінің ішкі құрылымдық ұйымдасуы арнайы эмпирикалық мәселе ретінде жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Осылайша, ғылыми әдебиеттерді талдау барысында бірқатар қарама-қайшылықтар аныталады. Бір жағынан, тұлғалық өзіндік тиімділік студенттің оқу және кәсіби әрекетіндегі маңызды психологиялық ресурс ретінде қарастырылса, екінші жағынан, оның нақты реттеушілік механизмдермен қамтамасыз етілу ерекшеліктері толық ашылмаған. Сонымен қатар өзін-өзі реттеудің жекелеген компоненттерінің академиялық нәтижелермен байланысы кеңінен зерттелгенімен, олардың студенттік кезеңдегі ішкі құрылымдық ұйымдасуы, жетекші компоненттері және тұлғалық өзіндік тиімділіктің психологиялық ресурсы ретіндегі орны қосымша эмпирикалық негіздеуді қажет етеді. Аталған ғылыми мәселе осы зерттеудің бағытын айқындайды.

Зерттеу дизайны және іріктеме

Зерттеу көлденең (cross-sectional) корреляциялық дизайнға ұйымдастырылды. Бұл дизайн зерттеу жүргізілген кезеңдегі студенттердің реттеушілік процестерінің даму деңгейін сипаттауға және олардың арасындағы статистикалық байланыстардың құрылымын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеуде эксперименттік ықпал жүргізілген жоқ; негізгі міндет табиғи білім беру жағдайында қалыптасқан психологиялық көрсеткіштерді өлшеу және олардың өзара байланысын талдау болды.

Зерттеуге жоғары оқу орындарының 2–3 курс студенттері қатысты. Іріктеменің жалпы көлемі 140 респондентті (N=140) құрады. Студенттік кезеңді зерттеу нысаны ретінде таңдау осы жаста оқу және болашақ кәсіби іс-әрекетті дербес ұйымдастыруға қойылатын талаптардың

артуымен байланысты. Студенттен оқу мақсаттарын өздігінен белгілеу, уақытты жоспарлау, академиялық міндеттердің орындалуын бақылау, қиындықтар жағдайында табандылық таныту және өзінің оқу мінез-құлқына жауапкершілікпен қарау талап етіледі. Сондықтан аталған кезең тұлғалық өзіндік тиімділікпен байланысты реттеушілік ресурстарды зерттеу үшін маңызды болып табылады.

Зерттеуге қатысу еріктілік қағидатына негізделді. Қатысушыларға зерттеудің мақсаты мен жалпы процедурасы түсіндіріліп, алынған ақпараттың ғылыми мақсатта пайдаланылатыны хабарланды. Респонденттердің жеке деректерінің құпиялылығы мен нәтижелердің анонимді түрде өңделуі сақталды. Қатысушылар зерттеуге ақпараттандырылған келісім негізінде қатысты.

Зерттеудің мақсатына сәйкес теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Теориялық деңгейде тұлғалық өзіндік тиімділік пен өзін-өзі реттеу мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерді талдау, салыстыру, жүйелеу және жалпылау әдістері пайдаланылды. Эмпирикалық кезеңде психодиагностикалық тестілеу әдісі қолданылды. Реттеушілік процестердің әртүрлі қырларын бағалау үшін мазмұндық тұрғыдан бірін-бірі толықтыратын екі психодиагностикалық құрал таңдалды: Дж. Тэнгни, Р. Баумайстер және А.Л. Бунның «Өзін қадағалаудың қысқаша шкаласы» (Brief Self-Control Scale, BSCS) және Е.Ю. Мандрикованың «Іс-әрекетте өзін-өзі ұйымдастыру» сауалнамасы.

Әдістемелерді таңдау зерттеудің теориялық моделіне негізделді. Бірінші әдістеме мінез-құлықты саналы бақылау мен импульсивті реакцияларды тежеуге байланысты реттеушілік ресурсты бағаласа, екінші әдістеме мақсат қою, жоспарлау, табандылық, фиксация, өзін-өзі ұйымдастыру және қазіргі уақытқа бағдарлану сияқты іс-әрекетті ұйымдастыру компоненттерін бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, екі әдістемені кешенді қолдану студенттердің реттеушілік процестерін бір ғана көрсеткішпен шектемей, олардың еріктік-бақылаушылық және ұйымдастырушылық қырларын өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік берді.

Дж. Тэнгни, Р. Баумайстер және А.Л. Бунның «Өзін қадағалаудың қысқаша шкаласы» (Brief Self-Control Scale, BSCS) тұлғаның өз мінез-құлқын саналы бақылау, импульсивті реакцияларды тежеу және қысқа мерзімді ниеттерді ұзақ мерзімді мақсаттарға бағындыру қабілетін бағалау мақсатында қолданылды. Осы зерттеу аясында өзін-өзі бақылау студенттің эмоциялық және мінез-құлықтық реакцияларын басқаруына, сыртқы және ішкі алаңдатушы факторларға қарамастан мақсатқа бағытталған әрекетті сақтауына мүмкіндік беретін реттеушілік ресурс ретінде түсіндірілді. Бұл көрсеткіштің зерттеуге енгізілуі тұлғалық өзіндік тиімділіктің мінез-құлық деңгейінде жүзеге асуы үшін адамның өз әрекеттерін бақылап, қажет болған жағдайда оларды шектей немесе өзгерте алу қабілетінің маңыздылығымен негізделді.

Е.Ю. Мандрикованың «Іс-әрекетте өзін-өзі ұйымдастыру» сауалнамасы студенттердің өз іс-әрекетін уақыттық және мақсаттық тұрғыдан ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау үшін пайдаланылды. Зерттеуде сауалнаманың жоспарлау, мақсаттылық, табандылық, фиксация, өзін-өзі ұйымдастыру және қазіргі уақытқа бағдарлану көрсеткіштері талданды.

Жоспарлау көрсеткіші субъектінің алдағы әрекеттерін алдын ала құрылымдау және мақсатқа жетудің реттілігін белгілеу ерекшеліктерін сипаттайды. Мақсаттылық тұлғаның өзінің мақсаттарын айқындауы мен әрекетін сол мақсаттарға бағыттай алуын көрсетеді. Табандылық басталған әрекетті жалғастыру, кездесетін кедергілерге қарамастан күш-жігерді сақтау және міндетті аяқтауға ұмтылумен байланысты. Фиксация жоспарланған әрекеттер мен міндеттерге беріктік таныту, басталған істі аяқтауға бағытталу ерекшелігін көрсетеді. Өзін-өзі ұйымдастыру адамның өзінің күнделікті және оқу әрекетін ұйымдастыру үшін ішкі және сыртқы құралдарды пайдалану қабілетін сипаттайды. Қазіргі уақытқа бағдарлану субъектінің осы сәттегі әрекеттер мен оқиғаларға шоғырлану ерекшелігін көрсетеді.

Аталған көрсеткіштер жиынтығы студенттердің іс-әрекетін реттеудің уақыттық, мақсаттық және мінез-құлықтық қырларын кешенді сипаттауға мүмкіндік берді.

Осы зерттеу контекстінде екі әдістемеден алынған көрсеткіштерді бір аналитикалық жүйеде қарастыру әдіснамалық тұрғыдан маңызды болды. Өзін-өзі бақылау мінез-құлықтың еріктік реттелуін сипаттаса, жоспарлау мен мақсаттылық әрекеттің мақсаттық-когнитивтік ұйымдасуын; табандылық пен фиксация мақсатқа жету барысындағы тұрақтылықты; өзін-өзі ұйымдастыру іс-әрекетті практикалық құрылымдауды; қазіргі уақытқа бағдарлану әрекеттің уақыттық аспектісін сипаттайды. Осы компоненттердің өзара байланысын зерттеу реттеушілік процестердің ықтимал құрылымдық өзегін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу процедурасы. Эмпирикалық зерттеу бірнеше өзара байланысты кезең бойынша ұйымдастырылды. Бірінші кезеңде зерттеу мәселесінің теориялық негіздері айқындалып, тұлғалық өзіндік тиімділік пен өзін-өзі реттеу мәселесіне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер талданды. Теориялық талдау негізінде зерттеудің мақсаты нақтыланып, реттеушілік процестерді өлшеуге арналған психодиагностикалық құралдар таңдалды.

Екінші кезеңде студенттерге психодиагностикалық әдістемелер ұсынылып, бастапқы эмпирикалық деректер жинақталды. Әдістемелердің нәтижелері әрбір респондент бойынша есептеліп, кейін статистикалық өңдеуге арналған бірыңғай деректер массивіне біріктірілді.

Үшінші кезеңде алынған көрсеткіштерге сандық талдау жүргізілді. Алдымен реттеушілік процестердің жалпы даму тенденциясын анықтау үшін сипаттамалық статистика есептелді. Әрі қарай зерттелген реттеушілік көрсеткіштердің өзара байланысын анықтау мақсатында корреляциялық талдау жүргізілді. Соңғы кезеңде статистикалық нәтижелер психологиялық мазмұн тұрғысынан интерпретацияланып, реттеушілік процестердің құрылымдық ұйымдасу ерекшеліктері айқындалды.

Деректерді статистикалық өңдеу. Эмпирикалық деректерді статистикалық өңдеу IBM SPSS Statistics бағдарламалық пакетінің көмегімен жүргізілді. Зерттеудің бірінші аналитикалық кезеңінде сипаттамалық статистика әдістері қолданылды. Әрбір көрсеткіш бойынша орташа арифметикалық мәндер есептеліп, студенттердің төмен, орташа және жоғары деңгейлер бойынша пайыздық үлестірімі анықталды. Бұл талдау реттеушілік процестердің жалпы даму деңгейін және жекелеген компоненттердің салыстырмалы көріну ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізгі міндеттерінің бірі реттеушілік процестердің жеке көрсеткіштерін сипаттаумен қатар олардың ішкі құрылымдық байланыстарын анықтау болғандықтан, келесі кезеңде корреляциялық талдау жүргізілді. Осы мақсатта Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті (Spearman's rho) қолданылды. Корреляциялық талдау өзін-өзі бақылау, жоспарлау, мақсаттылық, табандылық, фиксация, өзін-өзі ұйымдастыру және қазіргі уақытқа бағдарлану көрсеткіштері арасындағы байланыстың бағыты мен күшін анықтау үшін пайдаланылды.

Статистикалық мәнділікті бағалау кезінде $p < 0,05$ және $p < 0,01$ деңгейлері ескерілді. Корреляциялық матрицаны интерпретациялау барысында статистикалық мәнді байланыстардың бағытымен қатар олардың салыстырмалы күші және әрбір көрсеткіштің басқа компоненттермен байланыстарының жүйесі назарға алынды. Мұндай тәсіл реттеушілік процестердің қандай компоненттері жүйеде неғұрлым орталық позиция алатынын және олардың өзара ұйымдасу ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің әдіснамалық логикасы, осылайша, үш өзара байланысты талдау деңгейіне негізделді: біріншісі – реттеушілік процестердің даму деңгейін сипаттау; екіншісі – олардың арасындағы статистикалық мәнді өзара байланыстарды анықтау; үшіншісі – анықталған корреляциялық байланыстар негізінде реттеушілік процестердің құрылымдық ұйымдасу ерекшеліктерін психологиялық тұрғыдан интерпретациялау. Бұл тәсіл студенттердің реттеушілік процестерін оқшауланған психологиялық сипаттамалар ретінде емес, тұлғалық өзіндік тиімділіктің жүзеге асуына ықпал ететін өзара байланысты психологиялық ресурстар жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Дж. Тэнгни, Р. Баумайстер және А.Л. Бунның «Өзін қадағалаудың қысқаша шкаласы» бойынша алынған нәтижелер студенттердің өзін-өзі бақылау деңгейінің жалпы алғанда қалыпты екенін көрсетті. Орташа арифметикалық көрсеткіш 36,1 балды құрады, ал респонденттердің 73,9%-ы орташа деңгейде нәтиже көрсетті. Бұл студенттердің басым бөлігінің өз мінез-құлқын, эмоцияларын және импульсивті реакцияларын саналы түрде бақылауға қабілетті екенін, сондай-ақ оқу қызметінде мақсатқа бағытталған әрекеттерді сақтай алатынын көрсетеді. Сонымен бірге студенттердің 13,5%-ында өзін-өзі бақылаудың төмен деңгейі анықталды, бұл олардың мінез-құлқын реттеу, сыртқы ықпалдарға қарсы тұру және ұзақ мерзімді мақсаттарға тұрақты бағдарлану барысында белгілі бір қиындықтарға кездесуі мүмкін екенін білдіреді. Ал 12,6%-ы жоғары деңгей көрсетті, бұл аталған топтың еріктік реттелуі, өзін-өзі бақылауы және мақсатқа бағытталған мінез-құлқының жақсы қалыптасқанын сипаттайды.

Мандрикованың «Іс-әрекетте өзін-өзі ұйымдастыру» сауалнамасы бойынша алынған студенттердің реттеушілік процестерінің даму деңгейін бағалау нәтижелері 1-суретте және 1-кестеде берілген

Кесте 1 – Студенттердегі реттеушілік процестерінің жиілік кестесі (%)

	Жоғары	Орташа	Төмен
Өзін – өзі бақылау	12,6	73,9	13,5
Жоспарлау	16,3	58,3	25,4
Мақсаттылық	13,6	45,5	40,9
Табандылық	16,4	51,9	31,7
Фиксация	43,7	50	6,3
Өзін-өзі ұйымдастыру	34,6	55,3	10,1
Қазіргі уақытқа бағдарлану	45,4	34,5	20,1
Жалпы көрсеткіш	29,8	47,9	22,3

Ескертпе: Авторлармен эмпирикалық зерттеу нәтижелері негізінде құрастырылған.



Сурет 1 – Студенттердегі реттеушілік процестері көрсеткіштерінің орташа арифметикалық мәні

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Алынған деректер студенттердің басым бөлігінде реттеушілік процестердің орташа деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Жалпы көрсеткіш бойынша респонденттердің 47,9%-ы орташа, 29,8%-ы жоғары және 22,3%-ы төмен деңгейге жатқызылды. Жалпы көрсеткіштің орташа арифметикалық мәні 112,6 балды құрады, бұл студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен өзін-өзі реттеу дағдыларының жалпы алғанда жеткілікті деңгейде дамығанын көрсетеді.

Реттеушілік процестердің жекелеген компоненттерін талдау олардың біркелкі дамымағанын көрсетті. Ең жоғары көрсеткіштер қазіргі уақытқа бағдарлану (45,4%), фиксация (43,7%) және өзін-өзі ұйымдастыру (34,6%) шкалалары бойынша байқалды. Бұл студенттердің ағымдағы оқу міндеттеріне назарын шоғырландыруға, басталған істі аяқтауға және өз іс-әрекетін ұйымдастыруға бейімділігін сипаттайды.

Сонымен қатар мақсаттылық пен табандылық көрсеткіштері басқа компоненттермен салыстырғанда төменірек болды. Атап айтқанда, студенттердің 40,9%-ында мақсаттылықтың, ал 31,7%-ында табандылықтың төмен деңгейі анықталды. Бұл олардың ұзақ мерзімді мақсаттарды нақты айқындау мен сол мақсаттарға жүйелі түрде жету барысында қиындықтарға кездесетінін көрсетеді.

Жалпы алғанда, сипаттамалық статистика нәтижелері студенттердің реттеушілік процестері жеткілікті деңгейде қалыптасқанымен, олардың құрылымында белгілі бір диспропорциялар бар екенін көрсетті. Студенттер қазіргі оқу міндеттерін ұйымдастыру мен орындауға бейім болғанымен, ұзақ мерзімді мақсаттарды жоспарлау және оларды табанды түрде жүзеге асыру бағытында қосымша психологиялық қолдау қажет екендігі байқалады.

Реттеушілік процестердің құрылымдық ұйымдасуын анықтау мақсатында зерттелген көрсеткіштер арасында Спирменнің рангілік корреляциялық талдауы жүргізілді. Интеркорреляциялық талдау нәтижелері 2-кестеде, ал реттеушілік процестердің өзара байланысының құрылымы 2-суретте берілген.

Кесте 2 – Студенттердің реттеушілік процестерінің интеркорреляциялық матрицасы (Спирменнің r)

Көрсеткіштер	1	2	3	4	5	6	7
1. Өзін-өзі бақылау	–						
2. Жоспарлау	0,232**	–					
3. Мақсаттылық	0,311**	0,518**	–				
4. Табандылық	0,578**	0,183*	0,325**	–			
5. Фиксация	–	0,434**	0,503**	–	–		
6. Өзін-өзі ұйымдастыру	–	0,393**	0,197*	–	0,256**	–	
7. Қазіргі уақытқа бағдарлану	0,214*	0,495**	0,699**	0,188*	0,588**	0,177*	–

Ескертпе: * – $p < 0,05$; ** – $p < 0,01$; «–» – статистикалық мәнді байланыс анықталған жоқ.

Реттеушілік процестердің құрылымдық ұйымдасуын анықтау мақсатында зерттелген көрсеткіштер арасында Спирменнің рангілік корреляциялық талдауы жүргізілді. Интеркорреляциялық талдау нәтижелері 2-кестеде, ал реттеушілік процестердің өзара байланысының құрылымы 2-суретте берілген.



Сурет 2 – Студенттердің реттеушілік процестерінің интеркорреляциялық құрылымы

Ескертпе: Сызықтар статистикалық мәнді оң корреляциялық байланыстарды көрсетеді: * – $p < 0,05$; ** – $p < 0,01$. Сызықтардың қалыңдығы корреляциялық байланыстың салыстырмалы күшін көрсетеді. Авторлардың эмпирикалық зерттеу нәтижелері негізінде құрастырылған.

Корреляциялық талдау зерттелген реттеушілік процестер арасында бірқатар статистикалық мәнді оң байланыстардың бар екенін көрсетті. Бұл студенттердің реттеушілік процестері өзара тәуелді және біртұтас психологиялық жүйе ретінде қызмет ететінін дәлелдейді.

Алынған мәліметтер бойынша реттеушілік процестердің құрылымдық өзегін мақсаттылық, жоспарлау және қазіргі уақытқа бағдарлану көрсеткіштері құрайды. Корреляциялық байланыстардың саны мен күшін салыстырмалы талдау реттеушілік процестер жүйесінде мақсаттылық, жоспарлау және қазіргі уақытқа бағдарланудың неғұрлым орталық позиция алатынын көрсетті.

Ең жоғары корреляциялық байланыс мақсаттылық пен қазіргі уақытқа бағдарлану арасында анықталды ($r=0,699$; $p<0,01$). Бұл студенттердің өз мақсаттарын неғұрлым нақты айқындаған

сайын, олардың қазіргі әрекеттерін сол мақсаттарға сәйкес ұйымдастыру қабілеті де соғұрлым жоғары болатынын көрсетеді.

Сонымен қатар мақсаттылық жоспарлаумен ($r=0,518$; $p<0,01$) және фиксациямен ($r=0,503$; $p<0,01$) орташа күшті оң байланыс көрсетті. Бұл мақсат қою қабілеті оқу әрекетін жоспарлаумен басталған істі жүйелі түрде аяқтау үрдістерімен өзара тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Жоспарлау осы шаққа бағдарланушылықпен ($r=0,495$; $p<0,01$), фиксациямен ($r=0,434$; $p<0,01$) және өзін-өзі ұйымдастырумен ($r=0,393$; $p<0,01$) оң байланыс көрсетті. Бұл нәтижелер студенттердің оқу іс-әрекетін тиімді жоспарлауы олардың уақытты ұйымдастыру және оқу міндеттерін жүйелі орындау қабілетімен қатар дамитынын дәлелдейді.

Өзін-өзі бақылау көрсеткіші табандылықпен жоғары оң корреляция көрсетті ($r=0,578$; $p<0,01$). Бұл өз мінез-құлқын саналы түрде бақылай алатын студенттердің оқу тапсырмаларын орындауда тұрақтылық пен еріктік күшті көбірек танытатынын көрсетеді.

Фиксация осы шаққа бағдарланушылықпен ($r=0,588$; $p<0,01$) және мақсаттылықпен ($r=0,503$; $p<0,01$) оң байланыс көрсетті. Бұл студенттердің басталған істі аяқтауға деген ұмтылысы олардың мақсаттарға бағытталған мінез-құлқы мен қазіргі оқу міндеттеріне шоғырлану деңгейімен байланысты екенін аңғартады.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер студенттердің реттеушілік процестері иерархиялық ұйымдасқан жүйе екенін көрсетті. Бұл жүйенің жетекші компоненттері мақсаттылық, жоспарлау және қазіргі уақытқа бағдарланушылықтабылады. Ал өзін-өзі бақылау, табандылық, фиксация және өзін-өзі ұйымдастыру аталған құрылымдық өзекті толықтыратын өзара байланысты реттеушілік компоненттер ретінде көрінеді.

Сонымен қатар сипаттамалық статистика нәтижелері студенттердің едәуір бөлігінде мақсаттылық пен табандылық көрсеткіштерінің төмен деңгейде екенін көрсетті. Бұл реттеушілік жүйенің жекелеген компоненттерінің жеткіліксіз дамуы тұлғалық өзіндік тиімділіктің қалыптасуын қиындатуы мүмкін екенін болжауға негіз береді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері студенттердің тұлғалық өзіндік тиімділігінің қалыптасуында реттеушілік процестердің құрылымдық ұйымдасуы маңызды психологиялық ресурс болып табылатынын және олардың өзара үйлесімді дамуы оқу іс-әрекетінің тиімділігі мен кәсіби қалыптасудың маңызды алғышарты екенін көрсетеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері студенттердің тұлғалық өзіндік тиімділігінің қалыптасуында реттеушілік процестердің маңызды психологиялық ресурс болып табылатынын көрсетті. Алынған деректер студенттердің басым бөлігінде реттеушілік процестердің орташа деңгейде қалыптасқанын, алайда олардың құрылымдық компоненттері біркелкі дамымағанын анықтады. Әсіресе қазіргі уақытқа бағдарлану, фиксация және өзін-өзі ұйымдастыру көрсеткіштері салыстырмалы түрде жоғары болса, мақсаттылық пен табандылық көрсеткіштері төмен деңгейде байқалды.

Алынған нәтижелер А. Бандураның әлеуметтік-когнитивтік теориясымен сәйкес келеді. Автордың пікірінше, тұлғалық өзіндік тиімділік адамның өз мүмкіндіктеріне деген сенімімен қатар, мақсатқа бағытталған әрекетті жоспарлау, өзін-өзі бақылау және өз мінез-құлқын реттеу қабілеттеріне сүйенеді [3]. Біздің зерттеуімізде мақсаттылық пен жоспарлау реттеушілік процестердің жетекші компоненттері ретінде анықталуы тұлғалық өзіндік тиімділіктің қалыптасуы ең алдымен саналы мақсат қою және сол мақсатқа жетуді ұйымдастырумен байланысты екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері Б. Циммерманның өзін-өзі реттелетін оқу (Self-Regulated Learning) тұжырымдамасын да қолдайды. Циммерман өзін-өзі реттеуді мақсат қою, жоспарлау, өзін-өзі бақылау және нәтижелерді бағалау сияқты өзара байланысты процестердің жүйесі ретінде қарастырады (Zimmerman, 2015). Біздің зерттеуімізде жоспарлау, мақсаттылық және қазіргі уақытқа бағдарлану арасындағы жоғары оң корреляциялар студенттердің оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруы аталған компоненттердің үйлесімді дамуымен қамтамасыз етілетінін көрсетті.

Сонымен қатар алынған нәтижелер А.В. Моросанованың саналы өзін-өзі реттеу теориясымен үйлеседі. Моросанова өзін-өзі реттеудің құрылымдық компоненттері өзара интеграцияланған жүйе ретінде тұлғаның оқу және кәсіби қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететінін атап көрсетеді. Біздің зерттеуімізде де реттеушілік процестердің бірқатар компоненттері арасында статистикалық мәнді оң байланыстар анықталды. Бұл реттеушілік процестердің жеке қасиеттердің жиынтығы емес, біртұтас психологиялық жүйе екенін дәлелдейді.

Корреляциялық талдау нәтижелері реттеушілік процестердің құрылымдық өзегін мақсаттылық, жоспарлау және қазіргі уақытқа бағдарлану құрайтынын көрсетті. Әсіресе мақсаттылық пен қазіргі уақытқа бағдарлану арасындағы жоғары корреляция ($r=0,699$; $p<0,01$) студенттердің ұзақ мерзімді мақсаттарды қазіргі оқу әрекеттерімен үйлестіре алуы тұлғалық өзіндік тиімділіктің маңызды психологиялық алғышарттарының бірі екенін көрсетеді. Сонымен қатар өзін-өзі бақылау мен табандылық арасындағы жоғары байланыс ($r=0,578$; $p<0,01$) студенттердің еріктік реттелуі олардың оқу міндеттерін жүйелі орындауына ықпал ететінін дәлелдейді.

Зерттеу барысында анықталған мақсаттылық пен табандылықтың салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштері ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл нәтиже студенттердің оқу міндеттерін орындауға жеткілікті қабілетті болғанымен, ұзақ мерзімді мақсаттарды жүйелі жоспарлау және оларды жүзеге асыру барысында белгілі бір қиындықтарға кездесетінін көрсетеді. Мұндай ерекшеліктер кейіннен тұлғалық өзіндік тиімділіктің қалыптасуына және кәсіби даму траекториясына әсер етуі мүмкін.

Отандық зерттеулермен салыстырғанда алынған нәтижелер А.Р. Ерментаеваның студенттің субъектілік ұстанымы мен өзін-өзі реттеу қабілеттерінің кәсіби қалыптасудағы рөлі туралы тұжырымдарын, сондай-ақ А.К. Мынбаева мен Ә.Қ. Болаттың өзін-өзі басқару дағдылары тұлғалық тиімділіктің негізгі психологиялық механизмдерінің бірі болып табылатыны жөніндегі пікірлерін толықтыра түседі [13, 16]. Біздің зерттеуіміз осы тұжырымдарды нақтылап, реттеушілік процестердің құрылымдық ұйымдасуын эмпирикалық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік берді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері студенттердің тұлғалық өзіндік тиімділігінің қалыптасуы реттеушілік процестердің жекелеген компоненттеріне ғана емес, олардың құрылымдық тұтастығы мен өзара үйлесімді қызметіне тәуелді екенін көрсетті. Бұл ретте мақсаттылық, жоспарлау және қазіргі уақытқа бағдарлану тұлғалық өзіндік тиімділіктің қалыптасуын қамтамасыз ететін жетекші психологиялық механизмдер ретінде қарастырылуы мүмкін.

Зерттеудің шектеулері. Зерттеу белгілі бір жоғары оқу орындарының студенттері арасында жүргізілді және өзіндік есеп беру әдістемелеріне негізделді. Болашақ зерттеулерде әртүрлі өңірлердің студенттерін қамту, сондай-ақ тұлғалық өзіндік тиімділіктің басқа психологиялық детерминанттарын (академиялық мотивация, эмоционалдық интеллект, резиленттілік және т.б.) қоса отырып құрылымдық модельдерді құру перспективалы бағыт болып табылады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу студенттердің реттеушілік процестерінің даму деңгейі мен құрылымдық ұйымдасу ерекшеліктерін анықтауға және оларды тұлғалық өзіндік тиімділіктің психологиялық ресурсы тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік берді. Алынған эмпирикалық нәтижелер реттеушілік процестердің жекелеген психологиялық сипаттамалардың жиынтығы емес, өзара байланысты компоненттерден тұратын тұтас жүйе ретінде қызмет ететінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері студенттердің басым бөлігінде реттеушілік процестердің орташа деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Қазіргі уақытқа бағдарлану, фиксация және өзін-өзі ұйымдастыру көрсеткіштерінің салыстырмалы түрде жоғары болуы студенттердің ағымдағы міндеттерге шоғырлануға, басталған әрекетті аяқтауға және өз іс-әрекетін ұйымдастыруға бейімділігін сипаттайды. Сонымен қатар респонденттердің едәуір бөлігінде мақсаттылық пен табандылықтың төмен көрсеткіштері анықталды. Бұл ұзақ мерзімді мақсаттарды нақты айқындау, мақсатқа бағытталған әрекетті тұрақты сақтау және кедергілер жағдайында күшжігерді жұмылдыру студенттердің реттеушілік жүйесіндегі салыстырмалы түрде әлсіз компоненттер екенін көрсетеді.

Корреляциялық талдау реттеушілік процестер арасында статистикалық мәнді оң байланыстар жүйесінің бар екенін анықтады. Байланыстардың саны мен салыстырмалы күшін талдау мақсаттылық, жоспарлау және қазіргі уақытқа бағдарланудың зерттелген реттеушілік жүйеде неғұрлым орталық позиция алатынын көрсетті. Әсіресе мақсаттылық пен қазіргі уақытқа бағдарлану ($r=0,699$; $p<0,01$), фиксация мен қазіргі уақытқа бағдарлану ($r=0,588$;

$p < 0,01$), сондай-ақ өзін-өзі бақылау мен табандылық ($r = 0,578$; $p < 0,01$) арасындағы байланыстар реттеушілік компоненттердің өзара үйлесімді қызмет ететінін айғақтайды.

Зерттеудің ғылыми мәні реттеушілік процестерді олардың жеке даму көрсеткіштері деңгейінде ғана емес, өзара байланысқан құрылымдық жүйе ретінде эмпирикалық қарастырумен айқындалады. Алынған нәтижелер мақсаттылық, жоспарлау және қазіргі уақытқа бағдарлануды осы жүйедегі жетекші реттеушілік ресурстар ретінде, ал өзін-өзі бақылау, табандылық, фиксация және өзін-өзі ұйымдастыруды олармен өзара байланысқан компоненттер ретінде қарастыруға негіз береді. Осы тұрғыдан реттеушілік процестер студенттің мақсатқа бағытталған әрекетін ұйымдастыруға және сақтауға мүмкіндік беретін тұлғалық өзіндік тиімділіктің ықтимал психологиялық ресурстары ретінде сипатталуы мүмкін.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық бағдарламаларды әзірлеуде пайдалану мүмкіндігімен анықталады. Мұндай бағдарламаларда мақсат қою, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау, табандылықты дамыту, өзін-өзі бақылау және уақытты тиімді ұйымдастыру дағдыларына ерекше назар аудару орынды. Әсіресе мақсаттылық пен табандылық көрсеткіштері төмен студенттерге бағытталған психологиялық қолдау олардың реттеушілік ресурстарын дамыту үшін маңызды болуы мүмкін.

Сонымен бірге зерттеудің корреляциялық сипаты анықталған байланыстарды себеп-салдарлық тәуелділік ретінде түсіндіруге мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты болашақ зерттеулерде реттеушілік процестер мен тұлғалық өзіндік тиімділік көрсеткіштерінің тікелей өзара байланысын бағалау, олардың болжамдық үлесін регрессиялық талдау арқылы тексеру, сондай-ақ әртүрлі курс, мамандық және жоғары оқу орындарының студенттерін қамтитын кеңейтілген іріктемелерде алынған нәтижелердің тұрақтылығын анықтау перспективалы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы: 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері.
- 2 Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.
- 3 Бандура А. Теория социального научения / А. Бандура. – Санкт-Петербург: Евразия, 2000. – 320 с.
- 4 Zimmerman B.J. Self-Regulated Learning: Theories, Measures, and Outcomes / B. J. Zimmerman // International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences / ed. by J.D. Wright. 2nd ed. Oxford: Elsevier, 2015. P. 541–546. DOI: 10.1016/B978-0-08-097086-8.26060-1
- 5 Бондаренко И.Н. Регуляторные и личностные ресурсы успеваемости обучающихся с различными профилями школьной вовлеченности / И.Н. Бондаренко, Т.Г. Фомина, В.И. Моросанова // Экспериментальная психология. – 2024. – Т. 17, № 2. – С. 98–112. DOI: 10.17759/expsy.2024170206
- 6 Cheng Z. A meta-analysis addressing the relationship between self-regulated learning strategies and academic performance in online higher education / Z. Cheng, Z. Zhang, Q. Xu [et al.] // Journal of Computing in Higher Education. 2025. Vol. 37, No. 1. P. 195–224. DOI: 10.1007/s12528-023-09390-1
- 7 Elizondo K. Self-regulation and procrastination in college students: A tale of motivation, strategy, and perseverance / K. Elizondo, R. Valenzuela, J. V. Pestana, N. Codina // Psychology in the Schools. 2024. Vol. 61. No. 3. P. 887–902. DOI: 10.1002/pits.23088
- 8 Fong C.J. Stay motivated and carry on: A meta-analytic investigation of motivational regulation strategies and academic achievement, motivation, and self-regulation correlates / C.J. Fong, S. Altan, C. Gonzales [et al.] // Journal of Educational Psychology. 2024. Vol. 116. No. 6. P. 997–1018.
- 9 Lourenço A.A. Strategies That Transform: Self-Regulation and Volitional Control as Keys to Academic Achievement / A.A. Lourenço, M.O.A. Paiva, S.N. Valente // Social Sciences. 2025. Vol. 14. No. 5. Art. 285. DOI: 10.3390/socsci14050285
- 10 Coronado-Maldonado I. Emotional intelligence, motivation and learning strategies: The SSREI and MSLQ-SF questionnaires / I. Coronado-Maldonado, R. Díaz-Muñoz, J.L. González Sodis // Intangible Capital. 2025. Vol. 21. No. 1. P. 131–149. DOI: 10.3926/ic.2714

- 11 Ramirez-Arellano A. Effects of Personality and Motivation on Students' Academic Engagement and Metacognitive-Cognitive Strategies / A. Ramirez-Arellano // SAGE Open. 2024. Vol. 14. No. 4. DOI: 10.1177/21582440241295845
- 12 Tinajero C. Classic and modern models of self-regulated learning: Integrative and componential analysis / C. Tinajero, M.E. Mayo, E. Villar, Z. Martinez-Lopez // Frontiers in Psychology. 2024. Vol. 15. Art. 1307574. DOI: 10.3389/fpsyg.2024.1307574
- 13 Ерментаева А.Р. Студенттерді субъект бағдарлы психологиялық дайындаудың мәндік сипаттамасы / А.Р. Ерментаева // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Психология» сериясы. – 2018. – № 3(56). – Б. 89–97.
- 14 Изакова А.Т. Влияние смыслообразующих факторов самоактуализации на профессиональное самоопределение : дис. ... канд. психол. наук / А. Т. Изакова. – Караганда, 2003. – 148 с.
- 15 Узакова С.А. Самоэффективность и социальное поведение студентов высшей школы: социально-психологические аспекты / С.А. Узакова, Ж.А. Калиева, Н. Е. Симонович // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2020. – № 4(75). – С. 45–54. DOI: 10.26577/JPsS.2020.v75.i4.05
- 16 Мынбаева А.К. Диагностика эмоций школьников и развитие навыков саморегуляции: инновационный опыт уроков «Самопознания» / А.К. Мынбаева, Ә.Қ. Болат // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2020. – № 4(75). – С. 14–25. DOI: 10.26577/JPsS.2020.v75.i4.02

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ «Bılım turaly» Zańy: 2007 jylǵy 27 şildedeǵı № 319-III // Qazaqstan Respublikasynyñ normativtik qúqyqtyq aktileri. (In Kazakh)
- 2 Qazaqstan Respublikasynda joǵary bılım men ǵylymdy damytudyñ 2023–2029 jylдарǵa arnalǵan tǵyrymdamasyn bekıtu turaly: Qazaqstan Respublikasy Úkimetiniñ 2023 jylǵy 28 nauryzdaǵy № 248 qaulysy. (In Kazakh)
- 3 Bandura A. (2000) Teorija social'nogo nauchenija / A. Bandura. Sankt-Peterburg: Evrazija. 320 p. (In Russian)
- 4 Zimmerman B.J. (2015) Self-Regulated Learning: Theories, Measures, and Outcomes / B. J. Zimmerman // International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences / ed. by J.D. Wright. 2nd ed. Oxford: Elsevier. P. 541–546. DOI: 10.1016/B978-0-08-097086-8.26060-1 (In English)
- 5 Bondarenko I.N. (2024) Reguljatornye i lichnostnye resursy uspevaemosti obuchajushhihsja s razlichnymi profiljami shkol'noj vovlechnosti / I.N. Bondarenko, T.G. Fomina, V.I. Morosanova // Jeksperimental'naja psihologija. Vol. 17. No. 2. P. 98–112. DOI: 10.17759/exppsy.2024170206 (In Russian)
- 6 Cheng Z. (2025) A meta-analysis addressing the relationship between self-regulated learning strategies and academic performance in online higher education / Z. Cheng, Z. Zhang, Q. Xu [et al.] // Journal of Computing in Higher Education. Vol. 37. No. 1. P. 195–224. DOI: 10.1007/s12528-023-09390-1 (In English)
- 7 Elizondo K. (2024) Self-regulation and procrastination in college students: A tale of motivation, strategy, and perseverance / K. Elizondo, R. Valenzuela, J. V. Pestana, N. Codina // Psychology in the Schools. Vol. 61. No. 3. P. 887–902. DOI: 10.1002/pits.23088 (In English)
- 8 Fong C.J. (2024) Stay motivated and carry on: A meta-analytic investigation of motivational regulation strategies and academic achievement, motivation, and self-regulation correlates / C. J. Fong, S. Altan, C. Gonzales [et al.] // Journal of Educational Psychology. Vol. 116. No. 6. P. 997–1018. (In English)
- 9 Lourenço A.A. (2025) Strategies That Transform: Self-Regulation and Volitional Control as Keys to Academic Achievement / A.A. Lourenço, M.O.A. Paiva, S.N. Valente // Social Sciences. Vol. 14. No. 5. Art. 285. DOI: 10.3390/socsci14050285 (In English)
- 10 Coronado-Maldonado I. (2025) Emotional intelligence, motivation and learning strategies: The SSREI and MSLQ-SF questionnaires / I. Coronado-Maldonado, R. Díaz-Muñoz, J.L. González Sodi // Intangible Capital. Vol. 21. No. 1. P. 131–149. DOI: 10.3926/ic.2714 (In English)
- 11 Ramirez-Arellano A. Effects of Personality and Motivation on Students' Academic Engagement and Metacognitive-Cognitive Strategies / A. Ramirez-Arellano // SAGE Open. 2024. Vol. 14. No. 4. DOI: 10.1177/21582440241295845 (In English)
- 12 Tinajero C. (2024) Classic and modern models of self-regulated learning: Integrative and componential analysis / C. Tinajero, M.E. Mayo, E. Villar, Z. Martinez-Lopez // Frontiers in Psychology. Vol. 15. Art. 1307574. DOI: 10.3389/fpsyg.2024.1307574 (In English)
- 13 Ermentaeva A.R. (2018) Studentterdi subekt baǵdarly psihologialyq daiyndadyñ mǵndık sipattamasy / A.R. Ermentaeva // Abai atyndaǵy QazÚPU habarşysy. «Psihologia» seriesy. No. 3(56). P. 89–97. (In Kazakh)

14 Izakova A.T. (2003) Vlijanie smysloobrazujushhih faktorov samoaktualizacii na professional'noe samoopredelenie : dis. ... kand. psihol. nauk / A. T. Izakova. Karaganda. 148 p. (In Russian)

15 Uzakova S.A. (2020) Samojeffektivnost' i social'noe povedenie studentov vysshej shkoly: social'no-psihologicheskie aspekty / S.A. Uzakova, Zh.A. Kalieva, N. E. Simonovich // Vestnik KazNU. Serija psihologii i sociologii. No. 4(75). P. 45–54. DOI: 10.26577/JPsS.2020.v75.i4.05 (In Russian)

16 Mynbaeva A.K. (2020) Diagnostika jemocij shkol'nikov i razvitie navykov samoreguljacji: innovacionnyj opyt urokov «Samopoznanija» / A.K. Mynbaeva, Ə.Қ. Bolat // Vestnik KazNU. Serija psihologii i sociologii. No. 4(75). P. 14–25. DOI: 10.26577/JPsS.2020.v75.i4.02 (In Russian)

КУДУШЕВА Н.А.,^{1*}

PhD, ст. преподаватель.

*e-mail: n.kudusheva@abaiuniversity.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-0892-4676

НИЕТБАЕВА Г.Б.,¹

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: mika-argin@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8663-1732

БЕКМУРАТОВА Г.Т.,¹

к.п.н., ассоциированный профессор.

e-mail: ranajlug@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3575-9650

ИНГАЙБЕКОВА Т.А.,¹

PhD, старший преподаватель.

e-mail: tolkyn.amangeldi@inbox.ru

ORCID ID: 0000-0001-6907-4313

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

СТРУКТУРА РЕГУЛЯТОРНЫХ ПРОЦЕССОВ КАК ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО РЕСУРСА ЛИЧНОСТНОЙ САМОЭФФЕКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В условиях современного высшего образования изучение психологических ресурсов, обеспечивающих личностную самоэффективность студентов, является одним из значимых направлений профессиональной подготовки. Цель исследования – определить уровень развития регуляторных процессов у студентов, проанализировать их структурные взаимосвязи и выявить их особенности как психологического ресурса личностной самоэффективности. В исследовании приняли участие студенты 2–3 курсов высших учебных заведений (N=140). В качестве психодиагностического инструментария использовались «Краткая шкала самоконтроля» Дж. Тэнгги, Р. Баумаистера и А.Л. Бун и опросник Е.Ю. Мандриковой «Самоорганизация деятельности». Обработка данных осуществлялась с использованием методов описательной статистики и рангового корреляционного анализа Спирмена. Результаты показали, что у большинства студентов регуляторные процессы сформированы на среднем уровне. Относительно высокие показатели выявлены по шкалам ориентации на настоящее, фиксации и самоорганизации, тогда как показатели целеустремленности и настойчивости оказались более низкими. Корреляционный анализ показал, что целеустремленность, планирование и ориентация на настоящее занимают наиболее центральные позиции в системе регуляторных процессов. Самоконтроль, настойчивость, фиксация и самоорганизация обнаружили статистически значимые положительные связи с указанными компонентами. Полученные результаты позволяют рассматривать регуляторные процессы как систему взаимосвязанных психологических ресурсов, обеспечивающих целенаправленную деятельность студентов, и могут быть использованы при разработке психолого-педагогических программ развития навыков саморегуляции.

Ключевые слова: личностная самоэффективность, регуляторные процессы, саморегуляция, самоконтроль, самоорганизация, целеустремленность, планирование.

KUDUSHEVA N.A.,*¹

PhD, senior lecturer.

*e-mail: n.kudusheva@abaiuniversity.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-0892-4676

NIYETBAYEVA G.B.,¹

PhD, associate professor.

e-mail: mika-argin@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8663-1732

BEKMURATOVA G.T.,¹

PhD, associate professor.

e-mail: ranajlug@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3575-9650

INGAYBEKOVA T.A.,¹

PhD, senior lecturer.

e-mail: tolkyn.amangeldi@inbox.ru

ORCID ID: 0000-0001-6907-4313

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

THE STRUCTURE OF REGULATORY PROCESSES AS A PSYCHOLOGICAL RESOURCE OF STUDENTS' PERSONAL SELF-EFFICACY

Abstract

In contemporary higher education, the study of psychological resources supporting students' personal self-efficacy represents an important area of professional development. The aim of this study was to determine the level of development of students' regulatory processes, analyze their structural interrelationships, and identify their characteristics as a psychological resource of personal self-efficacy. The study involved second- and third-year university students (N=140). The Brief Self-Control Scale developed by J. Tangney, R. Baumeister, and A.L. Boone and E.Yu. Mandrikova's Self-Organization of Activity Questionnaire were used as psychodiagnostic instruments. The data were analyzed using descriptive statistics and Spearman's rank correlation analysis. The results showed that the majority of students demonstrated a moderate level of regulatory processes. Relatively high scores were found for present-time orientation, fixation, and self-organization, whereas goal orientation and persistence showed lower levels. Correlation analysis revealed that goal orientation, planning, and present-time orientation occupied the most central positions within the system of regulatory processes. Self-control, persistence, fixation, and self-organization demonstrated statistically significant positive relationships with these components. The findings provide grounds for considering regulatory processes as a system of interrelated psychological resources supporting students' goal-directed activity. The results may also be applied in the development of psychological and educational programs aimed at strengthening students' self-regulation skills.

Keywords: personal self-efficacy, regulatory processes, self-regulation, self-control, self-organization, goal orientation, planning.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.08.2026